

## БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ

## Жалпақ жапырақты өсімдіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.10.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/18251/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Мукашева Гульжанат Даулетовна

Сабақтың мақсаты:

а) білімділік. Оқушыларға ашық тұқымды өсімдіктердің тұқымнан көбейетін сүректі, яғни ағаш, жалпақ жапырақты өсімдіктер бұта, қылқан жапырақты өсімдіктер, олардың түрлері, көбею циклінде аналық бұрлардың тұқымынан жаңа ұрпақтың жетілетіні туралы білім беру.

б) дамытушылық. Жоғары сатыдағы ашық тұқымды өсімдіктердің морфологиясын және сабақта оқытудың жаңа технология элементтерін қолданып, оқушылардың білім-біліктерін дамыту.

ә) тәрбиелік. Өсімдіктер жайында білімдерін кеңейту, табиғат сұлулығын түсінуге, туған өлкенің өсімдіктерін күтіп — баптауға тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: топтық, көрнекілік, ауызша баяндау, ойын, сұрақ — жауап.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, қарағай, шырша, самырсын, арша өсімдіктерінің кеппешөптері, плакаттар.

Сабақтың құрылымы: I. Ұйымдастыру

II. Ұйтапсырмасын сұрау

III. Жаңа сабақ

IV. Жаңа сабақты бекіту

V. Қорытынды

VI. Бағалау

VII. Үйгетапсырма беру

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру

## II. Үйтапсырмасын сұрау

1. Өсімдіктердің қандай үлкен екі топқа бөлеміз?
  2. Жоғары сатыдағы өсімдіктер қалай бөлінеді?
  3. Жоғары сатыдағы споралы өсімдіктердің атаңдары.
  4. Тұқымды өсімдіктер қанша топқа бөлінеді?
  5. Олардың атаңдары.

III. Жаңасабақ Ашық тұқымды өсімдіктер тамыры тереңге бойлайтындықтан, топырақты **эрозиядан** сақтайды. **«Эрозия» - латын сөзі**, яғни **ірітіп-шіріту**, **бүлдіру** мағынасында қолданылады. Демек топырақтың құнарлы бөлігінің судан шайылуын, жел ұшыруын болдырмайды. Ашық тұқымдылар өскен жерде қар және нөсер суы да топырақты бүлдіре алмайды. Сөйтіп табиғаттағы су айналымын реттейді. Бұлар басқа жасыл өсімдіктермен бірге ағзалық заттар түзеді. **Қарағайда** - зиянды бактерияларды жоятын ерекше ұшқыш зат бөлінеді. Қарағайдан жоғары сапалы ағаш сүрегі, қарамай, шайыралуға болады. **Қарағай - дәрілік ағаш**, одан **терпентин майы, скипидар, сіркесуы**; жас қылқанынан Свитамині (концентрат), **эфир майы** алынады. Сондай-ақ құм тоқтатуда, әсемдік ретінде (**елді мекендік өгалдандыруда**) маңызы зор. Бұл қарағайдың табиғаттағы маңызы болса, **қарағай сүрегінен химиялық жолмен өңдеп, жібек жіп тәрізді жасандыталшық алынады**. Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны **кеме құрылысында, авиацияда, темір жолда және құрылыста кеңінен қолданады**. **Жатаған шырша** Шыршаның жолжиктеріне жел ұстағыш ретінде егеді. Тұқымы орман құстары мен кеміргіштерін етпен қорықтандырады. Діңінің қабығы терілеуде қолданылады. Көптеген елдерде жаңа жылағашы ретінде танымал.

Шыршаның қылқанының құрамында **Свитамині, аскорбинқышқылы, эфир майы, жемісінде 25 - 29%-дай сұйық май** болады. Сүрегі жеңіл және жұмсақ, **оны құрылыста, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, музыкалық аспаптар жасауға пайдаланады; шайыр, қара май, скипидар, сүрек сіркеқышқылы алынады**. Шыршадан жасалған музыкалық аспаптардың дауысы керемет болады. Италиян скрипка шеберлері Аматти мен Страдиваридың скрипкалары шыршадан жасалған. **Жатаған шырша** тау беткейіндегі топырақты шайылудан қорғайды. Жылдан жылғасының азаюына байланысты, қорғауға алынып, **Қазақстанның «Қызыл кітабына»** енгізілген. Шырша сүрегі - қағаз жасауға қажетті негізгі шикізат. **Балқарағай** Сібір Балқарағайы тез өсетін, жарық сүйгіш, суыққа, ыстыққа, күшті желге төзімді болғандықтан Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлерінде кеңінен

ағашы ретінде өсіріледі. Оның сүрегінен қағаз және спирт, бояу, ал қылқанынан бағалы эфир майы алынады. Ағашы шірімейтін мықты болғандықтан **құрылыста, химиялық өндірістер декеңінен** қолданылады. Кәрі балқарағайдың діңінен шайырды көруге болады. Оны кір жуғанда сабын ретінде қолданған. Ежелгі рим мен араб медицинасында таптырмас дәрі ретінде пайдаланған. ***Шайыр-сағызы ауызқуысын, тісті тазартып, қызылиекті нығайтады. Ағаштың қабығы да бағалы шикізат. Одан терілегіш, эфир майын және тоқыма бояулары алынған.***

## VII. Үйгетапсырма беру

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.